

**«ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ**

**«ОРЫС МЕКТЕБІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІ БОЙЫНША
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ҮШІНШІ (ОБЛЫСТЫҚ)
КЕЗЕҢІ (2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ)**

__11__ сынып, __1__ тур

Жұмыс уақыты: 90 минут

I Оқылым бойынша ұпай саны – 30 балл

- 1. Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастыру. (5 балл)
- 2. 1-ші тапсырмадағы сұрақтарға өз сөзімен жауап жазу. (10 балл)
- 3. Мәтінде берілген мәліметті қайда қолдануға болатынын жазу? (5 балл)
- 4. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіру. (5 балл)
- 5. Мәтінге тақырып қою. (5 балл)

II Жазылым бойынша ұпай саны – 30 балл

- Эссе құрылымының сақталуы (5 балл)
- Оқушының жеке көзқарасын білдіруі (5 балл)
- Өмірмен байланыстыруы (5 балл);
- Ұсынылған тезистердің нақты дәлелдемелермен дәйектелуі (аргументтер) (5 балл);
- Тақырып бойынша ой жүйесі; мағыналық тұтастық (5 балл);
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы) (5 балл).

11-сынып 1-тур

Оқылым

Халқымыз төрт түлікті ерекше бағалай білген. Сол төрт түліктің ішіндегі ерекше қастерлісі әрі бағалысы – түйе малы. Ойсылқара – ертедегі қазақтардың сенім-нанымы бойынша, түйе малының сақтаушысы, пірі. Түйе ежелгі заманнан бері келе жатқан дәулет, салтанаттың, әртүрлі салт-дәстүр бойынша көрсетілетін сый-құрметтің, берілетін айып таралғының бас белгі заты ретінде ерекше бағаланған.

Түйе қазақы, салт-дәстүр бойынша, қалыңмалға берілетін сый-құрмет тоғыздың ішіндегі бас белгісі болып саналған. Түйе, сондай-ақ, ислам діні бойынша, құрбандыққа шалуға болатын ең ірі мал болып та есептеледі. Қазақтың көне салты бойынша, ерекше үлкен жиын-той салтанатта сойылатын түйені «Ақ түйе» деп атаған. Қазақтар өздерінің қуанышты күндерін «ақ түйенің қарны жарылған күн» деп айтқаны белгілі.

Ал көштің алдында жүретін түйені «Көш түйесі» деп атаған. Бұл әбзел-тұрманы әшекейленген, әдемі қомдалған, күшті әрі төзімді, көш бастайтын аталық түйе. Жазушы Сәбит Мұқанов көш түйесі туралы «Қазақ қауымы» деп аталатын еңбегінде былай деп жазған: «Көштің түйесін қомдау – қазақ өмірінде ең сәнді көріністің бірі. Қомдалған түйелердің үстіне өрнекті кілемдер жабылады. Қомның өзін де тоқылған кілемнен жасайды». «Көш түйесі» көш бастайтын түйе болғандықтан оның әсемдігі мен сән-сипатына ерекше мән берілген. Жаратылысынан сұлулықты, әдемілікті жақсы көретін қазақ халқы төрт түлігінің де сырт көрінісіне жоғары дәрежеде маңыз беріп, қарай білгені бір ғанибет!»

Оқылым тапсырмалары. 30 балл

1. Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастырыңыз. (5 балл)

- А) Қазақ көші несімен ерекше?
 - Ә) Ислам дінінде түйе малының маңызы қандай?
 - Б) «Ақ түйенің қарны жарылған күн» тіркесінің мағынасы қандай?
 - В) Қазақ халқында түйе малы қалай бағаланған?
2. 1-ші тапсырмадағы сұрақтарға өз сөзіңізбен жауап жазыңыз. (10 балл)
3. Мәтінде берілген мәліметті қайда қолдануға болады? (5 балл)
4. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіріңіз. (5 балл)
5. Мәтінге тақырып қойыңыз. (5 балл)

Жазылым. 30 балл. Аргументті эссе тақырыптары

1. Балаларға ұялы телефонды қолдануға тыйым салған дұрыс па?
2. Жасөспірімдер арасында көзілдірік киюдің көбею себебі неде?
3. Балаларға екпе егудің қажеттілігі қандай?
4. Жақсы маман болу үшін шетелде білім алу қажет пе?
5. Жоғары оқу орындарына қабылдану үшін ҰБТ жүйесі тиімді ме?

Критерийлер:

- Эссе құрылымының сақталуы (5 балл)
- Оқушының ұстанымы (5 балл)
- Қарсы аргументтер, қолдайтын аргументтер келтіру (5 балл);
- Ұсынылған тезистер бойынша ұсыныс жасауы (5 балл);
- Тақырып бойынша ой жүйесі; мағыналық тұтастық (5 балл);
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы) (5 балл).

1-тур бойынша ұпай саны – 60 балл